

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі

«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы»
Республикалық мемлекеттік
мекемесі



Республиканское государственное
учреждение «Казахская
национальная консерватория имени
Курмангазы»

Министерства культуры и спорта
Республики Казахстан

ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

2018 ж. 29 маусым

күні

Алматы қ.

ПОЛОЖЕНИЕ О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

№ ПД-21-18

г. Алматы



БЕКІТЕМІН

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және спорт министрлігі

«Құрманғазы атындағы ҚҰК» РММ
ректоры М. Жүзбаев Жүзбаев А.А.

«29» маусым 2018 жыл

МАГИСТРАНТТАР МЕН ДОКТОРАНТТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Әзірлеген:			
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысы	<u>Ж. Мусаева</u>	Мусаева Ж.С.	
Келісілді:			
Сапа менеджменті бойынша жетекшісі	<u>Г. Б.</u>	Әбдірахман Г.Б.	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі қоғамдық кеңестің төрағасы	<u>Б.Т.</u>	Абдрашев Б.Т.	
Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор	<u>Г.З.</u>	Бегембетова Г.З.	
Персоналмен жұмыс жөніндегі бөлім басшысы	<u>А.С.</u>	Сыдыкова А. С.	
Заң бөлімінің басшысы	<u>О.К.</u>	Тлегенова О.К.	
Қызметі	Қолы	Аты-жөні	Күні

МАЗМҰНЫ

1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2.	ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМАНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	3
3.	ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ	3
4.	ТАҒЫЛЫМДАМАДАН ӨТУШІЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	4
5.	САПАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ	5
6.	ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	6
	ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ	7
	ТАНЫСУ ПАРАҒЫ	8

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы ереже «Білім туралы» 27.07.2007 жылғы ҚР Заңына сәйкес жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес әзірленді. Магистратура. Докторантура 23.08.2012 жылғы № 1080, ҚР БҒМ бұйрықтары, ҚР Білім және ғылым министрінің м. а. 07.08.2009 жылғы № 374 «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бойынша қаржылық нормативтерді бекіту туралы» бұйрығы (2020 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

2. Ереже тағылымдамадан өтушілерге қойылатын талаптарды және шетелдік жоғары оқу орнында (ұйымда) тағылымдамадан өтудің қаржылық нормативтерін қоса алғанда, магистранттар мен PhD докторанттарын іссапарға жіберу және шетелдік ғылыми тағылымдамадан өту тәртібін айқындайды.

2. ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМАНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3. Магистранттар мен PhD докторанттарының ғылыми тағылымдамасы диссертациялық зерттеулер (ғылыми-зерттеу, эксперименттік-зерттеу жұмыстары) жүргізу, кәсіби деңгейін арттыру, диссертация дайындау үшін қажетті материалдарды жинау, сондай-ақ білім беру бағдарламасының оқу компонентінің бөлігін игеру мақсатында ұйымдастырылады.

Міндеттері:

- 1) шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен танысу;
- 2) ғылыми зерттеулердің, эксперименттік деректерді өңдеу мен интерпретациялаудың қазіргі заманғы әдістерімен жұмыс істеу;
- 3) оқытылатын мамандық бойынша практикалық дағдыларды, құзыреттерді және кәсіби қызмет тәжірибесін меңгеру;
- 4) бейіндік саладағы озық тәжірибені игеру.

3. ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

4. Ғылыми тағылымдама магистрант / PhD докторант мамандығы бойынша магистрлік/докторлық диссертацияны орындау шеңберінде жүргізіледі.

5. Магистранттың тағылымдама мерзімі 10 күнтізбелік күнді құрайды, барлық оқу кезеңінде 1 реттен артық емес мемлекеттік тапсырыс қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Магистранттар ұзақ мерзімге (4 аптаға дейін) өз қаражаты есебінен жіберілуі мүмкін.

6. PhD докторанттарының тағылымдамадан өту мерзімі – 2 айға дейін, мемлекеттік тапсырыс қаражаты есебінен барлық оқу кезеңінде екі реттен артық емес.

7. Тағылымдаманы жоспарлауды жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің (ОПО) келісімі бойынша бейінді кафедралар жүзеге асырады.

8. Бір мамандықтың магистранттары әртүрлі шетелдік жоғары оқу орындарына

Бөлімше ережесі	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		8 беттің 3 беті

таратылуы мүмкін. Тағылымдамадан өтетін елде тағылымдаманы ұйымдастыруды шетелдік әріптес қамтамасыз етеді.

9. Тағылымдамадан өту орны мамандықтың ғылыми бағытына және магистрлік / докторлық диссертацияның тақырыбына сәйкес келуі, қажетті заманауи материалдық-техникалық базасы, білікті профессорлық құрамы болуы тиіс.

10. Бейіндік кафедра магистранттардың / PhD докторанттардың жақын және алыс шетелдердің жоғары оқу орындары мен ұйымдарында ғылыми тағылымдамадан өтуі туралы мәліметтер береді (1-қосымша).

11. Халықаралық бөлім Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімімен бірлесіп магистранттардың / PhD докторанттарының Алматы қаласынан шығу сәтіне дейін шетелдік сапарларды ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз етумен айналысады.

12. Магистранттардың / PhD докторанттардың ғылыми тағылымдамадан өтуі тиісті факультеттердің декандарымен және халықаралық бөліммен келісілген, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімімен дайындаған ректордың тиісті бұйрығымен бекітіледі.

13. Халықаралық бөлім және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімімен магистранттармен / PhD докторанттарымен болу, қауіпсіздік техникасын сақтау, ішкі тәртіп ережелері және есеп беру құжаттарын дайындауға қойылатын талаптар бойынша нұсқаулық өткізеді.

14. Алыс шет елдерде ғылыми тағылымдамадан өту үшін магистранттарды іріктеу критерийлері төмендегідей:

- үлгерімінің орташа балы кемінде (90%, A -);
- ғылыми-зерттеу қызметіне белсенді қатысатындар;
- ғылыми басылымдарда жарияланымдары бар, конференцияларға қатысатын;
- 3,0 балдан төмен емес IELTS сертификаты барлар;
- мамандық бағыттары мен диссертациялық зерттеу тақырыптары бойынша қажетті практикалық жұмыс тәжірибесі барлар.

4. ТАҒЫЛЫМДАМАДАН ӨТУШІЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

15. Мемлекеттік білім беру гранты негізінде білім алатын магистранттар / PhD докторанттар ЖОО бюджеті қаражаты есебінен тағылымдамадан өтеді.

16. Келісім-шарт негізінде оқитын магистранттар жеке қаражат есебінен тағылымдамадан өтеді.

17. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының магистранты / PhD докторанты, шетелдік ғылыми тағылымдама бағдарламасының қатысушысы, шетелге шығу алдында өзіне мынадай міндеттемелерді қабылдайды:

- 1) Халықаралық ұйымдардың барлық ұйымдастыру іс-шараларына қатысуға тиісті тағылымдама бағдарламасына қатысты бөлім мен Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімімен ұсыныстарын қатаң сақтау;
- 2) ОПО-ға шетелдік ЖОО-дан тағылымдамадан өту үшін шақыру хатының көшірмесін ұсыну (қажет болған жағдайда оның ресми емес аудармасы);

Бөлімше ережесі	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	8 беттің 4 беті

- 3) ғылыми тағылымдамадан өту бағдарламасын (2-қосымша) жасауға, оны кафедра отырысында қарауға және бекіту;
- 4) кафедрада тағылымдама кезеңіне жеке тапсырмалар алу;
- 5) іссапар куәлігін алуға құқылы.

18. Тағылымдамадан өту кезінде:

1) тағылымдаманы ұйымдастыру және одан өту шарттары бойынша шарт жасасу керек (3-қосымша).

2) ғылыми тағылымдаманың күнделігін жүргізуге, тағылымдама аяқталғаннан кейін оған тағылымдама жетекшісі қол қояды және тағылымдама өткен ұйымның мөрі қойылады (4-қосымша).

19. Тағылымдамадан өткеннен кейін:

1) тағылымдама аяқталғаннан кейін бір апта мерзімде барлық қажетті құжаттарды (іссапар куәліктері, шығындар туралы фискалды чектер, екі жаққа билеттер) ЖОО бухгалтериясына тапсырады;

2) 2 апталық мерзімде кафедраға және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімімен тағылымдамадан өту кезеңі үшін егжей-тегжейлі есептік құжаттаманы ұсынады;

3) кафедра мәжілісінде тағылымдамадан өту қорытындылары (есеп) хаттамамен рәсімделеді.

5. САПАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

(Тармақ күші жойылған ҚР Білім және ғылым министрінің м. а. 2009.08.07 № 374 «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бойынша қаржылық нормативтерді бекіту» бұйрығымен толықтырылды).

20. Консерваторияның шетелдік тағылымдамаларды ұйымдастыруға арналған шығыстары:

- 1) консерваторияның бюджеттен тыс қаражаты негізінде жүзеге асырылады;
- 2) тиісті бюджеттік бағдарлама бойынша мемлекеттік бюджет қаражатынан жүзеге асырылады;
- 3) Консерваториямен жасалған шарттар мен келісімдерге сәйкес әріптес ұйымдардың (оның ішінде оқытуды ұйымдастырушының) қаражаты есебінен жүзеге асырылады;
- 4) демеушілік көмек ретінде бөгде ұйымдар мен жеке тұлғалар бөлген қаражаттан және қолданыстағы заңнамада тыйым салынбаған өзге де қаражаттан жүзеге асырылады.

21. Көлемі бойынша магистранттар мен докторанттардың шетелде ғылыми тағылымдамадан өтуін қаржыландыру ішінара болып табылады және білім алушыға мынадай шығыстарды - оқу орнына бару және кері қайту жолақысы, тұру құны, нормативтерге сәйкес тәуліктік шығыстар төлеуді көздейді.

22. Тағылымдамадан өту шығыстарын жабу үшін магистранттың / PhD докторанттың жеке шотына акшалай қаражатты аудару іссапар туралы бұйрық шыққаннан кейін жүзеге асырылады.

Бөлімше ережесі	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	8 беттің 5 беті

6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

23. Осы Ереженің орындалуын бақылау ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректорға жүктеледі.

24. Осы Ереже мәтіні ЖОО сайты мен ақпараттық құралдар арқылы Құрманғазы атындағы ҚҰК магистранттарына / PhD докторанттарына, кафедра меңгерушілері және факультет декандарына жеткізілуге тиіс.

Бөлімше ережесі	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	8 беттің 6 беті

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Бөлімше ережесі	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		8 беттің 7 беті

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Бөлімше ережесі	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		8 беттің 8 беті